

СОГЛАСНО ДОРОЖНОЙ КАРТЕ, СФОРМИРОВАН ПЛАН ПОТРЕБНОСТИ УГЛЯ В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ НА 2023-2024 ГОДЫ, ЗАВЕРШЕНА ПРОЦЕДУРА ЗАКУПА УГЛЯ И ПРОДОЛЖАЕТСЯ ЗАГОТОВКА УГЛЯ ДЛЯ БЮДЖЕТНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ И НАСЕЛЕНИЯ, НАЦИОНАЛЬНАЯ КОМПАНИЯ «ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ПОСТОЯННО ОБЕСПЕЧИВАЕТ ПОДВИЖНЫМ СОСТАВОМ ПОД ПОГРУЗКУ УГЛЯ ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ И КОММУНАЛЬНО-БЫТОВОГО СЕКТОРА.

Турар ЖОЛМАГАМБЕТОВ,
заместитель председателя Комитета индустриального
развития МИИР РК



№74 (2891)
05/09/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

КӨЛІК-ЛОГИСТИКА САЛАСЫН ДАМУ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТ

Осы жылдың 1 қыркүйегінде жылдағы дәстүр бойынша ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдауын арнады. «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деген атаумен жарияланған жолдауда еліміздегі стратегиялық маңызды міндеттердің бірі – көлік-логистика саласының әлеуетін толық пайдалану мәселесіне ерекше басымдық берілді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы транзиттік тасымалды жүзеге асырушылардың бірі «Қазақстан темір жолы» компаниясын толыққанды көлік-логистика компаниясы етіп қайта құру жұмысын жуық арада аяқтауды тапсырды.

Жаңа экономикалық кеңістік қалыптасып жатқан бүгінгі әлемде көліктік транзит саласында көптеген өзгерістер орын алуда. Мәселен, Қытайдан Еуропаға, Ресейге, Орталық Азияға және осы аймақтардан Қытайға жіберілетін тауар көлемі айтарлықтай көбейді деген болжам бар.

– Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын жаһандық жолаушыға орналасқан. Бұл біздің елімізге зор мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуға тиіс. Қазір бәсеке күшейіп тұр. Осыған орай бірқатар маңызды мәселені шұғыл шешу керек. Ең алдымен «Достық-Мойынты», «Бақты-Аягөз», «Дарбаза-Мақтаарал» бағытындағы ірі теміржол жобаларын сапалы жүзеге асыру қажет. Оның қатарында Алматыны айналып өтетін теміржол желісі де бар. Қазақстан көлік саласында Ресеймен, Қытаймен ынтымақтастығын жалғастыра береді. Біздің транзиттік әлеуетімізді нығайтуда Транскаспий бағыты маңызды рөл атқарады. Орта мерзімді перспективада осы дәліз бойынша тасымалдау көлемі бес есеге ұлғайтулы мүмкін. Ол үшін серіктес елдермен – Қытай,



Әзірбайжан, Грузия, Түркиямен күш біріктіру қажет. Бақты өткелінде жаңа «құрғақ порт» салу, Ақтауда контейнерлік хаб құрылысын жеделдету, орта дәліз бойында Қара теңіздегі порт қуатын кеңейту міндеті тұр. Қытайдың Сиань мен Грузияның Потти портында қазақстандық терминалдардың құрылысы басталды. Бұл – қытайлық «Бір белдеу, бір жол» мегажобасын ұлттық бастамаларымызбен жұптастырудың нақты мысалдары. Көлік әлеуетін іске асыру біздің барлық жақын елдермен, соның ішінде Ресеймен, Қытаймен, Орталық және Оңтүстік Азиядағы көршілерімізбен сындарлы және тату көршілік қатынастарымызға

байланысты, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Қазақстанға теңіз инфрақұрылымын дамытуға арналған біртұтас жоспар керек екенін жеткізді. Онда Құрық портына айрықша мән берілуге тиіс. Құрықты Ақтау порты сияқты толыққанды логистикалық кластерге айналдыру қажет. Осы ретте ол «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық дәлізінің де өте маңызды екенін атап өтті. Себебі сол арқылы Парсы шығанағына шығуға болады. Біртіндеп бұл бағыттағы теміржол желісінің өткізу мүмкіндігін екі есе арттыру керек.

Сонымен қатар ол биыл жыл басынан бері айтып келе жатқандай, «Қазақстан темір жолы» толыққанды көлік-ло-

гистика компаниясы етіп қайта құру жұмысын жуық арада аяқтау қажеттігіне тоқталды. Жалпы алғанда, Қазақстан Еуразия құрлығындағы басты транзит хабы ретіндегі рөлін арттыру керек. Осылайша, уақыт өте келе Қазақстан көлік-логистика саласындағы ірі мемлекетке айналуы тиіс.

– Көлік-логистика саласын қарқынды дамыту – бұл стратегиялық міндет. Үш жыл ішінде оның ішкі жалпы өнімдегі үлесі кемінде 9 пайызға жетуі тиіс. Ол үшін саланы тиімді басқару өте маңызды, – деді Президент.

Райхан РАХМЕТОВА
Фото www.akorda.kz
сайтынан алынды

ЖОЛ КАРТАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ЖОБАЛАР



Мемлекет басшысының «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясын көліктік-логистикалық компанияға айналдыру жөніндегі тапсырмасын орындау аясында Жол картасы әзірленіп, бекітілді.

Құжатта бірнеше бағыттағы іс-шаралар жүйеленген. Олар компания құрылымындағы өзгерістерге, цифрландыруға, жаңа өнімдер мен қызметтерді қалыптастыруға және компанияның қатысу географиясын кеңейтуге қатысты болып отыр.

Стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыру үшін Компаниядағы логистикалық блок күшейтіліп, көлік логистикасының құзыретті орталығы мен мультимодальды тасымалдау департаменті құрылды. Олардың негізінде темір жол әкімшіліктерімен және ірі халықаралық көлік-логистикалық компаниялармен келіссөздер сәтті жүргізілді. Логистикалық компаниялармен (ADP, DB, Shandong Port Group) ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

Қазір Қазақстанда сауда тораптарын құру мәселелері пысықталуда. Сондай-ақ жаңа құзырет орталықтарын қалыптастыру бойынша жұмыстар жалғасуда. Сонымен қатар келешекте Қытай мен Еуропа аумақтарында логистикалық қызмет көрсету үшін ұлттық компания бөлімшелерін ашу жоспарланып отыр. Бұл Қазақстан арқылы өтетін транзиттік жүктерді қайта бағдарлауға өз әсерін тигізбек.

Бүгінгі таңда компания бизнес-процестерді цифрландыру мәселесіне ерекше ден қойып отыр. Осы ретте PSA International жетекші транзиттік логистикалық компаниясымен бірлесіп, «ҚТЖ» ҰҚ АҚ ақпараттық жүйелерін және Salista жеткізу тізбегін басқаруға арналған сингапурлық онлайн платформасын біріктіру жұмыстары жүргізілуде. Цифрлық шешімді Транскаспий халықаралық көлік бағдарында қолдану жоспарлануда. Жаңа жүйе тұтынушылар үшін сапалы әрі ыңғайлы қызмет түрін жасап, халықаралық тасымалдаушылар үшін бағыттың тартымдылығын арттырмақ. Ал HUAWEI компаниясымен ҚТЖ арасында цифрландыруды дамыту туралы меморандумға қол қоюы компанияның жарқын келешегін айқындай түседі.

Ислам ТАЛПАТ



Казбек МАЙГЕЛДИНОВ,
«Қытай зерттеушілер қауымдастығы» ҚҚ құрылтайшысы:

ҚЫТАЙҒА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН МЕН ҰЛТТЫҚ АЯҚАУДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ПАЙДА АҚЕЛУДЕ МАҢЫЗЫ ЗОР. ӨЙТКЕНІ ҚАЗАҚСТАН – ЕУРОПА НАРЫҒЫНА ТІКЕЛЕЙ КӨП. ЕКІ ЕЛДІ САУДА АМБИЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ҚАЙТА ЖАНДАНУЫМЕН ПАРА-ПАР КЕЛЕТІН «БІР БЕЛДЕУ, БІР ЖОЛ» БАСТАМАСЫНДА КӨРІНІС ТАПТЫ. БҮЛ БАСТАМАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ҚЫТАЙ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІШКІ ТУРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ САҚТАЛУЫНА МҮДДЕЛ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БҮГІНДЕ ЖЫЛУ-ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ КӨМІР ҚОРЫ

4,3 млн тоннаны құрайды.

ЕЛІМІЗДЕ БАРЛЫҚ НОРМАЛАР МЕН ТАЛАПТАРДЫ САҚТАЙ ОТЫРЫП

31 ЛОКОМОТИВ БРИГАДАСЫНЫҢ ДЕМАЛЫС ҮЙІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТУДЕ.

ДОСТЫҚ СТАНЦИЯСЫ ӨТКЕН ЖЕТІ АЙДА ВАГОНДАРДА ЭКСПОРТТЫҚ ЖҮКТІ ТАПСЫРУ ЖОСПАРЫН

101% ОРЫНДАҒАН.

Туризм ПО ШЕЛКОВОМУ ПУТИ

Трансграничный туристический поезд Orient Silk Road Express отправился в железнодорожное путешествие с вокзала Алматы-2 по маршруту Шелкового пути.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

История караванных троп Великого Шелкового пути вызывает большой интерес у многих стран. Проехать по известному маршруту изыщивали желание туристы из Великобритании, США, Испании, Малайзии, Италии, Голландии, Франции, Швеции, Швейцарии, Германии, Австрии, Норвегии, Бельгии и Австралии. Представители 14 стран пробудут в круизе две недели. Первой остановкой железнодорожного путешествия стал финансовый, культурный и научный центр современного Казахстана – город Алматы. Девушки в национальных костюмах на перроне алматинского вокзала угощали иностранных гостей яблоками. Непревзойденный сорт «апорт» является символом южной столицы.

За время круиза туристы посетят: столицу Кыргызстана – динамично развивающийся Бишкек, озеро Иссык-Куль, религиозные, архитектурные постройки, уникальные богатой

историей памятники старины древнейших городов в Средней Азии (Самарканд, Бухара, Коканд, Хива), столицу Узбекистана Ташкент, через которую проходила караванная дорога между Азией и Средиземноморьем, с древних времен город хранит следы разных культур, конфессий, видов искусства.

Характерно то, что днем туристы круизного поезда осматривают достопримечательности, а ночью едут от одного пункта назначения до другого, все это делает поездку продуктивной и необременительной.

Девять комфортабельных вагонов оборудованы так, что создают уют и комфорт пассажиру. В каждом купе – санузел и душ. В поезде имеются также два вагона-ресторана.

Видя счастливые лица пассажиров, можно было понять, что они очень довольны такой поездкой и у всех хорошее настроение. К примеру, супруги из Голландии Brigitta Cornelia и Gerard Adrianus Jan впервые посещают Казахстан. Уже с первого дня у них столько эмоций и впечатлений от увиденного, также туристы отметили и



профессиональный уровень организаторов круиза.

Круиз организован немецкой компанией Lernidee Trains and Cruises и казахстанским туроператором «Туран Азия» совместно с нацкомпанией «Қазақстан темір жолы». По словам генерального директора «Туран Азия» Гульайшы Касенхановой, данный маршрут очень востребован. Она считает, что открытие новых маршрутов поможет развитию туризма в Казахстане.

Организаторы маршрута планируют до конца года еще четыре подобных тура с иностранными туристами, ближайший из которых состоится уже в октябре. Lernidee Trains and Cruises обсуждают совместно с ҚТЖ и Kazakh Tourism запуск подобного круизного поезда внутри Казахстана. К примеру, по самому длительному маршруту Алматы – Мангышлак.

Фото автора


РЕМОНТ ТЕЛЕЖЕК – В АСТАНЕ

Первый центр по производству и обслуживанию тележек для различных видов подвижного состава на протяжении всего их жизненного цикла открыт компанией Alstom в Астане.

Роман ЛЮБИМОВ,
Астана

Ультрасовременный производственный объект площадью более восьми тысяч квадратных метров стал результатом развития индустриализации компании Alstom в Казахстане.

Центр позволяет осуществлять ремонт узлов тележек, включая ремонт колесных пар и гасителей



колебаний, 3D-измерения, неразрушающий контроль, испытания колесных пар и двигателей, а также другие связанные с этим работы, осуществляемые на основе цифрового производственного процесса. Кроме того, он может обслуживать и компоненты железнодорожных транспортных средств, производящих не компанией Alstom.

В год на предприятии могут

изготовить до 200 и отремонтировать до 300 тележек. Тележки производства Alstom отличаются высокой надежностью и рассчитаны на работу в различных природно-климатических условиях, а также на 98% пригодны для вторичной переработки.

– Наш центр по производству и ремонту тележек играет ключевую роль в обеспечении полного технического обслуживания грузовых

и пассажирских электровозов Alstom в течение 25 лет, – отметил управляющий директор Alstom в Западной и Центральной Азии Канат Алпысбаев.

Компания Alstom предлагает широкий модельный ряд тележек семейства Flexx. Они рассчитаны для легкорельсового и высокоскоростного железнодорожного транспорта. Исследования компании позволяют улучшить эксплуатационные показатели и снизить стоимость жизненного цикла колес и рельсов.

Компанией Alstom создана значительная производственная база, состоящая из 11 предприятий в шести городах Казахстана. Общій штат насчитывает более тысячи сотрудников. В новом центре по производству и ремонту тележек в Астане появилось более 100 рабочих мест.

Фото предоставлено пресс-службой компании Alstom

ШАНЬДУНГЕ АСТЫҚ ПОЙЫЗЫ АТТАНДЫ

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Астана



Қазақстан агросекторда Қытай Халық Республикасының Шаньдун провинциясымен ынтымақтастықты дамытуға ниетті. Тиісті уағдаластықтарға ҚР Ауыл шаруашылығы министрілігі мен Шаньдун провинциясы өкілдерінің кездесуі шеңберінде қол жеткізілді.



Алғашқы 1.3 мың тонна қазақстандық астық Алматыдан Цзинань қаласына жаңа контейнерлік жүк пойызымен жөнелді. Бұл оқиға Алматыда Бұрындай станциясында Шаньдун қалыптастыру орталығының ашылуына себеп болады. Бұдан басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізуді ұлғайту жөніндегі жоспарлар Азық-түлік корпорациясы мен Binzhou Zhongyu Foods компаниясы арасындағы меморандумға қол қоюмен бекітілді. Құжатта 200 мың тонна отандық астықты аспан асты еліне экспорттау көзделген.

Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласына көп көңіл бөлінуде. Осыған орай Қытай бизнесмендері Қазақстан аумағында бірлескен қайта өңдеу кәсіпорындарын ашуға шақырылуда. Айта кетейік, 2023 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында ҚР мен ҚХР арасындағы ауыл шаруашылығы өнімдерінің тауар айналымы 578,5 млн долларды құрады, бұл 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 72,7%-ке артық. Қытайға экспорттың негізгі көлемі дәнді дақылдар мен түрлі майларға тиесілі, Қазақстан өз кезегінде көкөністер мен жаңғақтарды импорттайды.

Суретті түсірген автор

ТЕҢІЗ ТАСЫМАЛЫ ЖАНДАНУДА

Ұлан ОРАЗ,
Астана



Биылғы жылғы қаңтар-тамыз аралығында Ақтау және Құрық теңіз порттары арқылы тасымалданатын жүк айналымының өсімі 12% құраған. Айта кетерлігі, Транскаспий халықаралық көлік бағдары бойынша өсім 80 пайызға жетіп отыр.

Оның ішінде мұнайды ауыстырып тиеу бойынша ең жоғары өсім – 53%, сондай-ақ пароммен тасымалдау – 12%. Биыл қыркүйек айында Abu Dhabi Ports Group қатысуымен қазақстандық Semurg Invest компаниясы салған Құрық портындағы жаңа терминалдан астықтың бірінші партиясын жөнелту жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру мақсатында 2023 жылдың ақпан айынан бастап Ақтау теңіз сауда порты және оған жататын «Баутино» жүк ауданы, «Құрық портының аумақтары» «Ақтау теңіз порты» АЭА құрамына енгізілген. Оның аясында порттардың инфрақұрылымын дамыту шараларымен қатар экономикалық аймақта 2025 жылдың соңына дейін контейнерлік хаб құру көзделген. Порттардың экономикалық аймақта қосылуы өңірге елеулі әлеуметтік-экономикалық әсер етеді және облысқа инвестициялар тарту үшін қолайлы алаңға айналдырып қана қоймай, ірі халықаралық көлік дәліздерінің бірі болуына үлес қосады. Сонымен қатар порттарға әлемнің үздік логистикалық компанияларымен жұмыс істеуге жол ашады.

Ақтау теңіз порты – құрғақ жүктер, мұнай және шикі мұнай өнімдерін шығыстан батысқа, солтүстіктен оңтүстікке, сондай-ақ Әзірбайжан, Иран, Түркіменстан, Ресей елдеріне жүк тасымалдайтын аймақ. Ақтау портында жылдық қуаты 12 млн тонналық 6 мұнай айлағы жұмыс істейді. Ақтау портының тасымалдау үлесі Каспий теңізіндегі жалпы тасымал көлемінің 40%-ын құрайды. Қазіргі таңда Қазақстан Ақтау порты арқылы халықаралық көлік дәліздерінің түйініне айналған.

Құрық портында 4 айлақ жұмыс істейді. Оның екеуі темір жол арқылы келген жүктерді паромға тиеуге арналса, қалған екеуінен көліктер түсіріледі. Порттың қызметін дамытып, жүк тасымалын одан әрі арттыру үшін тағы бір айлақ салу жұмыстары жүргізілуде. Ол арқылы салмағы ауыр жүктер мен контейнерлер тасымалданбақ. Сондай-ақ 2024 жылдан бастап қазақстандық паромдарды қабылдау жоспары бар. Бұл өз кезегінде Ресей және Иранның екі портымен жана маршруттардың ашылуына түрткі болмақ. Қазіргі геосаяси жағдайға байланысты Құрық портында жүк тасымалы артқан. 2023 жылдың басынан бері мұнда 550 мың тоннадан астам жүк тасымалданған. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2 есе көп.

КІРМЕ ЖОЛДАР ЖАҢАРЫП ЖАТЫР



Бүгінде Семей ЖТ бөлімшесі бойынша қызу қарқынмен жүргізіліп жатқан жазғы жұмыстардың бірі – ескірген шпалдарды ауыстыру. Бұл орайда көктемнен бері қарай ескі ағаш шпалдарды жаңа темірбетонды түріне ауыстыру жұмыстары үзіліссіз атқарылып келеді.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бұл бағыттағы жұмыстар ПЧ-39, ПЧ-40 және ПЧ-42 мекемелері телімдерінде жүргізіліп жатыр. Бұл ретте желі бойында «ЖЕИ-СМАР» жол машинасы жүйелі жұмыс жүргізуде. Қазіргі таңға дейін жалпы саны 4935 бірлік шпал жаңартылған екен. Бұл бағытта Семей жол дистанциясының жолшылары ерлеп келеді. Олар қазіргі таңда 3802 шпалды жаңасына ауыстырыпты.

Айта кетерлік бір жайт, осы ретте кірме жолдар мен тұйық желілер де назардан тыс қалдырылмаған. Ұзақ жылдар бойы жекеменшіктің қолында болып, мүлде жөндеу көрмеген көмір тұйықтары теміржолшылар қолымен жаңа кейіпке еніп жатыр. Соның бір мысалы ретінде облыс орталығы Семей қаласында орын тепкен РК-3 жылу қазандығына апаратын теміржол желісін атауға болады. Оның бұрынғы иесі мүлде көңіл бөлмеуі себепті жол жарамсыз

күйге айналған. Тіпті, кейбір бөліктеріндегі рельстердің өзі қолды болған. Ендігі аралықта аталмыш тармақ толыққанды түрде қайта жаңғыртылды. Семей жол дистанциясы теміржолшылары бастан-аяқ жөндеп, шпалдарын қайта ауыстырып шықты. Бірінші қыркүйекке дейін мұнда жалпы саны 220 шпал салынды.

Желінің жарамсыз болуы себепті осыған дейін мұнда қатты отын жүк машиналарымен жеткізілетін. Жай күндердің

өзінде 60-80 көлік қатынауы тиіс болатын. Енді үлкен шығын мен күшті, уақытты талап ететін жұмыс әлдеқайда жеңілдеді. Көмір вагонмен жеткізілетін болады.

Суретті түсірген автор

ҚЫРАҒЫЛЫҚ – ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ



«Әскерилендірілген теміржол күзеті» ЖШС Атырау филиалының күзетшілері өз міндеттерін мінсіз атқарып, объектілер мен жүктердің күзеті мен теміржол қозғалысының қауіпсіздігін жүзеге асыруда.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

«ӘТЖК» Атырау филиалында бүгінде 578 адам еңбек етеді. Теміржол торабындағы арнайы күзет қызметін жүзеге асыратын жалғыз құрылымның аймақтық бөлімшелері де жыл сайын жаңарып, дамып, жетіліп келеді. Болашақта қосымша объектілер көбеюі мүмкіндігіне орай қызметкер саны да артуы мүмкін. Атырау филиалының қызмет көрсету учаскесінің жалпы ұзындығы 2163 шақырым. Оның ішінде Атырау 770, Маңғыстау 1393 шақырым. Күзет сарбаздарының қатарында жас мамандармен қатар, бұрынғы ішкі істер қызметінің, ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері мен әскерилер де бар.

Атырау филиалының жұмыс барысы туралы мән-жаймен қанықтырған оның басшысы Ербөлек Серік Қабашұлының айтуынша, филиалдың құрамында 11 команда мен топтар бар. Олар – Атырау облысында



Сағыз, Мақат, Құлсары, Атырау, Ганюшкино, Маңғыстау облысында Бейнеу, Маңғыстау, Сай-Өтеc, Өзен станцияларында, шұғыл әрекет ететін оңтайлы топ және биыл шілде айында қайта қабылданған стратегиялық маңызы бар Атырау станциясындағы Орал және Соколов өзені арқылы өтетін темір жол көпірін күзететін атқаштар командалары. Күзет қызметі сарбаздары қатарында ерен еңбегімен көзге түсіп жүргендері аз емес. 1982 жылдан бері үздіксіз жұмыс істеп келе жатқан бірінші санатты маман, «Адал еңбегі

үшін» белгісінің иегері Н.Морозов, Ресеймен шекаралас, Астраханьмен шектесіп жатқан Ақсарай және Ганюшкино станциясында, ең бір жауапты әрі қиын да күрделі аймақтағы күзетші С.Тұрақбаев, Сағыз командасы басшысының орынбасары Қ.Адайбаев және басқа да азаматтар қырағы қызмет етіп, өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқарып жүр. Бөлімшеде күзет қызметінің әдіс-тәсілдерін үйрену бойынша техникалық сабақтар, жаттығулар, үнемі өткізіліп тұрады. Жалпы филиал қызметкерлері өз объектілерін жіті бақылап, ұрлық, тонау фактілерін болдырмай, олардың алдын алуда бар мүмкіндіктерін жұмсауда.

– Күзетшінің жұмысы өміріне және денсаулығына қауіп әкелетін жағдаймен байланысты болғандықтан олар қызметтік қарумен, қорғаныс құралдарымен және арнайы киіммен қамтамасыз етілген. Филиал жағдайы жыл сайын жақсарып, техникамен жабдықталып келеді. Жалақы уақытылы беріледі, әлеуметтік пакет сақталған. Өз қызметкерлеріміздің денсаулық жағдайын жасауға мүдделіміз. Өндіріс орнында бақытсыз оқиғаға ұрынған адамдарға бір айлық жалақысын сақтай отырып, емделу шығыны төленеді. Басқа да ем-домға медициналық және материалдық көмек көрсетіліп тұрады. Жазда балалар лагеріне жолдама беріледі, зейнеткерлерге материалдық көмек ұсынылып тұрады, – дейді филиал басшысы.

Суретті түсірген автор

САУДА ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«KTZ Express» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «KTZ Express» АҚ) «KTZ Express» АҚ мүлкін сату бойынша электронды сауда өткізу туралы хабарлайды, ол 2023 жылдың 19 қыркүйекте 11:00 сағатта (Астана уақыты) Мемлекеттік мүлік тізілімінің www.gosreestr.kz веб-порталында өтеді.

Нысандарды өткізу «KTZ Express» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы 10 қаңтардағы №1 хаттама) «KTZ Express» АҚ Мүлкін өткізу қағидаларына және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2014 жылғы 23 мамырдағы №66 хаттама) Мемлекеттік мүлік тізілімі веб-порталында мүлкті сату бойынша электронды сауда өткізу регламентіне (бұдан әрі – Регламент) сәйкес жүзеге асырылады.

Бағаны төмендету аукционына мына Нысандар шығарылады:

№	Аты	Саны	Бастапқы баға	Бастапқы баға	Ең төменгі құны	Кепілдік жарна
1	Тұрақ орны, Астана қ., Шарль де Голль көшесі, 7 үй	1	3 619 616	10 858 848	3 619 616	542 942
2	Тұрақ орны, Астана қ., Ж. Нәжмедінов көшесі, 16А үй, м. 90	1	2 292 620	6 877 860	2 292 620	343 893
3	Нысаналы мақсаты бар тұрғын емес үй-жай-көлік жуу, Астана қ., Ж. Нәжмедінов көшесі, 16А үй, н. п. 14	1	178 082 240	534 246 720	178 082 240	26 712 336
4	Контейнер 20ФУТ*	170	58 833 600	176 500 800	58 833 600	8 825 040
5	Контейнер 40ФУТ	1	604 800	1 814 400	604 800	90 720
6	Контейнер 5 тонн**	10	2 520 000	7 560 000	2 520 000	378 000
7	Полуприцеп «С3АП 99051/SZAP 99051», номер 50CZA04, 2008 ж	1	1 412 143	4 236 429	1 412 143	211 821
8	ГАЗ-53, номер 063YS 01, 1980ж	1	417 144	1 251 432	417 144	62 572
9	Мүкәммал паркінен шығарылған, тоннасы аз контейнер, 3 тонна	31	2 190 242	6 570 725	2 190 242	328 536
10	Мүкәммал паркінен шығарылған, тоннасы аз контейнер, 5 тонна	142	17 229 280	51 687 841	17 229 280	2 584 392

Сауда қатысушыларын тіркеу тізілімі веб-порталында хабарландыруды жариялау күнінен бастап веб-портал арқылы жүргізіледі және сауда басталардан екі сағат бұрын аяқталады.

Сауда-саттыққа тіркелу үшін қатысушының ЭЦҚ-мен қол қойылған, Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа өтінімді тіркеушінің веб-порталында тіркеу қажет.

Бағаны төмендету әдісін қолдана отырып аукцион түрінде сауда-саттық.

Кепілдік жарналар «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына енгізіледі: БСН: 050540004455, БСК: HSBKZKX, IBAN/ЖСК:

KZ946017111000000330, «Народный банк Казахстана» АҚ. Төлемнің тағайындалуы: электронды аукционға қатысу үшін кепілдік жарна (кепілдік жарна көлеміне банк қызметтерінің төлемі кірмейді).

Кепілдік жарна ретінде банк кепілдемесі қабылданбайды.

Кепілдік жарналардың «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ шотына уақытылы түсуі мақсатында кепілдік жарнаны өтінімдерді қабылдау аяқталғанға дейін үш күннен кешіктірмей төлеу ұсынылады.

Сауда нәтижелері туралы хаттаманы тізілім

веб-порталы қалыптастырады, сауда өткізу күнінде сатушының және сауда жеңімпазының ЭЦҚ пайдалану арқылы қол қойылады.

Саудада жеңіске жеткен қатысушы сауда нәтижелері туралы хаттамаға қол қоймаған жағдайда, сатушы кепілдік жарнаны қайтармайды.

Сауда нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының нысанды сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін бекітетін құжат болып табылады.

Жарияланған баға бойынша сатылу объектісін сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы жеңімпаз болып есептеледі.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шартына тізілім веб-порталында сауда қорытындысын шығару күнінен бастап он күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қол қойылады.

Жеңімпаз мүлкті сатып алуға және сатуға байланысты барлық шығындарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелместен, мүлкті тіркеу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті салықтар мен басқа да төлемдер бойынша шығыстарды төлеуге міндетті.

Жеңімпаз осы арқылы Нысанды сатып алу кезінде ол объектінің техникалық жағдайы мен оның кемшіліктерін толық білетінін және келісетінін растайды.

Жеңімпаз Нысанның ақаулары өтелуге жатпайды және Сатушы Нысанның кез келген ақаулары үшін жауапкершілік көтермейді деп келіседі.

Жеңімпаз Сатушыға Объектінің сапасы мен толықтығына қатысты талаптарды қоймауға міндеттенеді.

Электронды аукцион өткізу тәртібі, саудаға қатысушы ресімдеу тәртібі туралы, Жеңімпазды анықтау шарттары жайлы ережелермен Қағидалардан және Регламенттен танысуға болады, олар «KTZ Express» АҚ-ның www.ktze.kz және «Ақпараттық-есеп орталығы» АҚ-ның www.gosreestr.kz сайттарында көпшілік үшін қолжетімділікпен орналастырылған.

Қосымша ақпаратты 87710838734 («KTZ Express» АҚ, Астана қ., Дінмұхаммед Қонаев, 10) және 8 (7172) 55-29-81 («АЕО» АҚ), Астана қ., А.Жұбанов к., 16-үй, 4 этаж) телефондары бойынша алуға болады.

ВСТРЕЧА С ЭКСПОРТЕРАМИ ЗЕРНА



СОВЕЩАНИЕ

Айлин БАУРЖАН,
Астана

Северные области Казахстана (Акмолдинская, Костанайская и Северо-Казахстанская) являются лидерами по производству зерна и продуктов перемола и крупнейшими экспортёрами зерна в стране.

По данным КТЖ, с сентября 2022 по июнь 2023 года погрузка зерна выросла на 29% к уровню предыдущего сезона, экспорт – на 33%. Погрузка продуктов перемола увеличилась на 28%, экспорт – на 31%. Перевозка для казахстанцев выросла на 20%.

На совещании заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Нуржан Кельбуганов отметил, что доля экспорта зерна и продуктов перемола выросла на 82% и 76% соответственно. По сравнению с предыдущим сезоном увеличился экспорт зерна в Узбекистан на 31%, Таджикистан – на 30%, Афганистан – на 48%. В направлении МГСП Сарыагаш вырос экспорт зерна на 33%, продуктов перемола – на 20%. Благодаря совместной работе с Узбекской железнодорожной администрацией пропускная способность перехода увеличилась с 18 до 30 поездов в сутки.

В текущем сезоне перевозка зерна в КНР увеличилась в четыре раза и достигла 1,1 миллиона тонн. Китай готов принимать ежедневно по

В городах Кокшетау и Петропавловске состоялись совещания по организации перевозок зерна нового урожая. В мероприятии участвовали представители НПП «Атамекен», АО «Астық Транс», экспортёры зерновой продукции и трейдеры.



два состава в зерновозах навалом и одному составу в крытых вагонах (тарированной в мешки), отправительскими маршрутами (от одного грузоотправителя в адрес одного грузополучателя в бондовой зоне станции Алашанькоу). При этом китайская сторона просит увеличить перевозку зерновых грузов в контейнерах через переход Алтынколь – Хоргос. Одним из эффективных способов транспортировки зерновых грузов остается маршрутизация перевозок. Планируется достигнуть уровень маршрутизации до 75-80%.

Общая погрузка Акмолдинским отделением ГП за семь месяцев 2023 года при плане 3 640,0 тысячи тонн составила 4 029,9 тысячи тонн. В сравнении с 2022 годом выполнение плана – 110,7%. До конца текущего года, учитывая тенденцию роста экспорта зерна нового урожая, запланирована

перевозка более шести миллионов тонн зерновых грузов и продуктов перемола. В том числе во внутриреспубликанском сообщении – 1,3 миллиона, в экспортном сообщении – 4,7 миллиона тонн. В 2023 году увеличились объёмы контейнерных перевозок пшеницы и муки назначением на Китай через МГСП Достык и Алтынколь. По Акмолдинскому отделению за семь месяцев погружено чечевичей, пшеницей и ячменем более 8 343 вагонов 13 707 контейнеров. Этот подход обеспечивает мобильную доставку груза от пункта отправления до пункта назначения, сокращает время транспортировки и оборота вагонов.

На совещании говорилось о ввозе зерна из приграничных стран по схеме «скрытого (серого)» транзита. В последние годы импорт зерна только железнодорожным транспортом

вырос до 1,5 миллиона тонн в год, из-за чего отечественный рынок терпит убытки.

Зернопогрузочным предприятиям рекомендовано работать в выходные и праздничные дни, а грузоотправителям осуществлять равномерное планирование и отгрузки в течение месяца. Отмечалось, что экспортёрам необходимо развивать погрузочные мощности и модернизировать подъездные пути – это позволит нарастить объёмы отгрузки зерна. Существенная часть подъездных путей построена еще в советский период и не ремонтировалась с прошлого века. Кроме того, ряд элеваторов не имеет собственных локомотивов и вагонных весов.

В Казахстане порядка 19 тысяч вагонов, из них 32% от общего парка, или более шести тысяч вагонов в парке АО «Қазтеміртранс» (КТТ). Существующий парк может обеспечить перевозку всего урожая как во внутривнутриреспубликанском, так и экспортном направлении.

Надо отметить, что аренда вагонов КТТ – ниже рыночной, поэтому подвижной состав пользуется у грузоотправителей большим спросом. Аналогичная ситуация и по зерновозам АО «Астық Транс», ставка по которым на 50% ниже, чем у других собственников.

Также для перевозки продуктов перемола активно привлекается парк вагонов железнодорожных администраций соседних стран. При этом фиксируются случаи, когда вагоны приходят на станции и простаивают в бездействии, что значительно сокращает пропускные возможности станций. Такая ситуация образовалась на станции Костанай.

КТЖ поддерживает активные коммуникации со всеми заинтересованными сторонами для обеспечения эффективной перевозки зерна нового урожая.

Фото автора

НАВИГАЦИОННЫЕ ПЛОМБЫ В ЕАЭС

Любовь РОВБА,
Астана



ТЕХНОЛОГИИ

Состав сведений, которые должны содержать навигационная пломба во время отслеживания грузовой перевозки, утвердили в Евразийском экономическом союзе (ЕАЭС).

В следующем году электронные навигационные пломбы станут обязательными при транспортировке внутри Евразийского экономического союза (ЕАЭС) определенных видов грузов, в том числе алкогольной продукции, табачных изделий и «санкционных» товаров (тех, которые хотя бы одна из стран союза запретила к ввозу). Этот список могут расширить.

